

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
« 17 » сәуір 2023 жыл
Ғылыми кеңестің төрағасы
А. А. Ахметьяров



**6B01402 «МУЗЫКАЛЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкалық орындаушылық және педагогика»	6B01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика»	Қазақ Орыс	Музыкалық колледж н/е педагогикалық/ гуманитарлық колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Орындаушылық шеберлік

Орындаушылық шеберлік бойынша емтихан аспапта (фортепиано, баян, домбыра) шығармаларды жатқа орындауды талап етеді:

Полифониялық шығармалар (2, 3- дауысты инвенция, прелюдия және фуга). Күрделі формадағы шығармалар (сонатина, соната, концерт, күй).
Пьеса.

Вокалдық шығармаларды орындау:

1. Әнді сүйемелдеусіз орындау (мектеп репертуарынан немесе халық әндері, a`cappella)
2. Сүйемелдеумен орындалатын вокалдық шығармалар (халық әндері, мектеп репертуары, романс, ария және т.б.)

Коллоквиум

Коллоквиум – музыкалық орындаушылық саласында білімін тексеру формасы:

- орындалатын бағдарламаның композиторлардың өмірбаяны жайлы сұрақтар;
- орындалатын шығармалардың композиторларының стилін, шығарманың жанрын сипаттау, және т.б.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:

Музыкалық-теориялық пәндер бойынша қойылатын талаптар:

Сольфеджио

Жазбаша

- I-деңгейдегі туыстық тональдіктерге ауытқулары бар, джаз элементтері, ырғақтық қиындықтары (синкопалар, триольдер) бар бірдауысты диктант.
- Жазуға берілетін уақыт – 25-30 минут, 10 рет орындалады

Ауызша

- мажорлы және минорлы гаммаларды және олардың үш түрін (табиғи, гармониялық, мелодиялық) әндету;
- саздың диатоникалық сатыларын, дыбыстан және тональдіктегі интервалдар (шешілуі бар тритондар, ерекше интервалдар (характерлі), мажорлық және минорлы үшдыбыстықтарды және олардың айналымдарын, кішірейтілген және ұлғайтылған үшдыбыстықтарды негізгі күйінде, D₇ айналымдарымен, II₇ айналымдарымен және VII₇ негізгі күйінде әндету және есту арқылы анықтау;
- хроматизмдері бар, параллельді тональдікке немесе доминанталық тональдікке ауытқуы бар, 2/4, 3/4, 4/4, 6/8 өлшемінде жазылған мажорлы және минорлы бірдауысты әуенді бірден парактан әндету.

Музыка теориясы

Жазбаша

- кез келген сатыдан мажорлық және минорлық гамманың үш түрін (табиғи, гармониялық, мелодиялық); хроматикалық

гамма; қос гармониялық мажор және минор; халық музыкасының саздарын; дыбыстан пентатоникалық және тональдікте жоғары және төмен интервалдар, қарапайым және күрделі, соның ішінде тритондар, ерекше (характерлі) интервалдар, кішірейтілген терциялар мен ұлғайтылған сексталар құру;

- диатоникалық және хроматикалық интервалдарды анықтау, шешілім жасау және олар кездесетін тональдіктерді көрсету;
- дыбыстан жоғары және төмен мажорлы және минорлы үшдыбыстықтар айналымдарымен, кішірейтілген және ұлғайтылған үшдыбыстықтар негізгі түрінде, кіші мажорлы септаккорд (D7) айналымдарымен; кіші минорлы септаккорд айналымдарымен, кішірейтілген квинтасы бар кіші септаккорд айналымдарымен, кішірейтілген септаккорд айналымдарымен құру; олар кездесетін тональдіктерді анықтау және тұрақты дыбыстарға шешілім жасау.
- Жоғарыда көрсетілген аккордтарды және үлкен мажорлы, үлкен минорлы, ұлғайтылған септаккордты негізгі күйінде анықтау. Олар кездесетін тональдіктерді көрсету және шешілім жасау;
- Тональдікте аккордтар тізбегін құру, мысалы: VII7–D⁶5 – T– T6– S⁵3– D2– T6 – T
- Қарапайым немесе күрделі өлшемде жазылған кішігірім музыкалық үзіндіні тактілерге бөлу және ұзақтықтарын топтастыру.

Ауызша

- Секвенция ойнау
- Музыка теориясы, гармония бойынша сұрақтар.

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>Барлық шығармашылық емтихандар бойынша</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>

<p>Бағдарламаның техникалық және мәнерлі орындалуы аспаптық шығарманың авторлық мәтініне толық сәйкес келеді.</p>	45-50	<p>Жазбаша жұмыс мінсіз, қатесіз және ескертусіз орындалды; Диктант сауатты, қатесіз жазылған; Секвенция бір екіпінде дәл ырғағымен тоқтаусыз орындалған,</p>
<p>Айқын дикциямен, артикуляциямен вокалдық шығармалардың интонациялық эмоционалды таза орындалуы. Орындалатын бағдарламаны сауатты ұсынылуы, ауызша коллоквиум барысында шығармалардың стильдік, жанрлық ерекшеліктерін білу.</p>		<p>секвенция түрін емтихан алушы өзі ұсынады; Әндетуі интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша мінсіз жауап.</p>
<p>Бағдарламаның сапалытехникалық және мәнерлі ойыны орындауда елеусіз қателіктер жібере отырып жатқа. Интонациялық таза, шамалы өзгерістермен вокалдық шығармаларды орындау. Ауызша коллоквиум барысында орындалатын бағдарламаны жақсы түсіну және таныстыру.</p>	40-44	<p>Жазбаша жұмыс сауатты орындалды, кішкене түзетулермен; Диктант толығымен жазылған, бірақ кішігірім түзетулер енгізілді; Секвенция бір екіпінде дәл ырғағымен бірақ шағын тоқтаулармен орындалған, секвенция түрін емтихан алушы өзі ұсынады; Әндетуі сенімсіз, бірақ интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша тамаша білім.</p>
<p>Бағдарламаны орындау барысында ойын тұрақсыздығы. Вокалды орындаудағы есту бақылауының жеткіліксіздігі, нота мәтінін дәл емес ойнату. Коллоквиум барысында орындалатын бағдарламаның толық емес музыкалық-көркемдік берілуі.</p>	35-39	<p>Жазбаша жұмыс бірнеше кішігірім қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қате кеткен; Секвенция сәл түзетулермен орындалған, секвенция түрін талапкер өзі таңдайды; Әндету жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар; Жақсы теориялық білім.</p>
<p>Бағалау талапкердің (техникалық және көркемдік жағынан да) кемшіліктері бар аспаптық орындалуын көрсетеді. Вокалды орындаудағы және музыкалық мәтінді ойнаудағы есту бақылауының жеткіліксіздігі. Коллоквиум барысында орындалатын бағдарламаның музыкалық-көркемдік жағынан жеткіліксіз берілуі.</p>	30-34	<p>Жазбаша жұмыс аз қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қателері бар. Секвенция нақты орындалмаған, ырғағы мен екіпін дұрыс емес, секвенция түрін талапкер өзі таңдайды; Ән айту жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар. Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.</p>
<p>Таңдаулы аспапта тұрақсыз орындау. Таңдалған вокалдық шығармалардың мәтінін жеткіліксіз білу және орындау. Шығармалардың коллоквиум барысында мазмұнын нашар аша білу.</p>	25-29	<p>Жазбаша жұмыс көптеген қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателіктер жіберілді; Секвенция аяғына дейін орындамаған. секвенция түрін талапкер өзі таңдайды; Әндету интонациялық таза емес және ырғақты дәл емес. Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.</p>

Бағдарламаның аспаптық бөлімін көптеген кемшіліктермен толық емес орындау. Нақтыланбаған мәтін, нашар вокалдық дайындық. Коллоквиумға дайын емес.	20-24	Жазбаша жұмыс үлкен қателіктермен орындалды; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Секвенция толық орындалмаған, қателіктер мен тоқтаулар бар, секвенция түрін талапкер өзі таңдайды; Әндету дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар береді
Елеулі орындаушылық кемшіліктер кешенінің болуы, жатталмаған мәтін. Бағдарламаның вокалдық бөлігін дайындау барысында үй тапсырмасының орындалмауы.	15-19	Жазбаша жұмыс толық орындалған жоқ; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Секвенция көптеген қателіктермен орындалды, секвенция түрін талапкер өзі таңдайды; Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді. Жеңіл-желпі теориялық білім.
Коллоквиумға нашар дайындық. Нота мәтінін жатқа білмеу, аспапта ойнау дағдыларын нашар меңгеру. Нашар вокалдық дайындық, вокалдық-орындаушылық дайындықтың болмауы. Коллоквиумға дайын емес.	10-14	Жазбаша жұмыс соңына дейін орындалмайды, үлкен қателіктермен; Диктант толығымен жазылмаған, көптеген қателіктермен; Қателері бар секвенцияның екі буыны айналды; Ән айту дәл емес; Теориялық білімді нашар меңгерген
Аспаптық және вокалдық-орындаушылық дағдылардың нашарлығы. Коллоквиумға дайын емес.	5-9	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант соңына дейін жазылмаған; Әндету фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген
Аспаптық және вокалдық-орындаушылық дағдылардың болмауы. Коллоквиумға дайын емес.	0-4	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант жазылмаған; Ән фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген

Байланыс ақпараты:

Оқуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Сметова Алмагуль Амантаевна



Кафедра меңгерушісі: Кожебаев Дархан Ержанович

